

Оңтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 19 шілдедегі № 34/383-III шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 20 тамызда № 1963 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 27 маусымдағы № 13/154-VI шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.06.2017 № 13/154-VI шешімімен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.06.29 N 41/410-IV (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1. Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының мынадай жүйесі айқындалсын:

- 1) бір жолғы материалдық көмек;
- 2) үй-жайды жалға алу бойынша шығындардың өтемін төлеу;
- 3) коммуналдық қызмет түрлеріне арналған шығындардың өтемін төлеу;
- 4) тұрғын үй сатып алуға тұрғын үй заемын алу үшін әлеуметтік көмек.

2. Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі осы шешімінің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

2007 жылғы 19 шілдедегі № 34/383-III

Оңтүстік Қазақстан облыстық

мәслихатының

шешіміне қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету Тәртібі

Осы тәртіп "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының, "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығының негізінде әзірленді және ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің шарттары мен тәртібін белгілейді.

**Ескерту. Қосымшаның кіріспесі жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.06.29 N 41/410-IV (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Шешімімен.**

1. Негізгі ұфымдар

- 1) әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілеттік орган) - Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы;
- 2) жұмыс беруші - медицина (фармацевтика) қызметкерімен жеке еңбек шартын жасасқан тиісті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымы;
- 3) тұрғын үй заемын беру жөніндегі қаржы ұйымы (бұдан әрі - қаржы ұйымы) - медицина (фармацевтика) қызметкері тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарт жасасатын тұрғын үй құрылышы жинақ банкісі;
- 4) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина қызметкерлері (бұдан әрі-қызметкерлер) – кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын, ауылдық жерге уәкілетті орган жұмысқа жіберген жеке тұлғалар;
- 5) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген фармацевтика қызметкерлері (бұдан әрі-қызметкерлер) – фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын, ауылдық жерге уәкілетті орган жұмысқа жіберген жеке тұлғалар.

Ескерту. 1 Бөлімге өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.06.29 N 41/410-IV (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Жалпы ережелер

1. Жұмыс берушімен жеке еңбек шарты жасалған күннен бастап алғашқы үш жыл ішінде еңбек міндеттерін орындаپ жүрген қызметкер әлеуметтік көмек алу құқығына ие болады.

Осы үш жылдық мезгілде қызметкердің бала күтуге байланысты еңбек ақысы сақталмайтын демалыста болған уақытысы, сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақпен куәландырылған екі айдан аса еңбекке жарамсыздық кезеңі кірмейді.

2. Облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстырылғының аумағында орналасқан поселкелерде тұратын және жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетілмейді.

3. Қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджеттің қаражаты есебінен іске асырылады.

4. Әлеуметтік қолдау көрсету өзіне мынадай ақшалай өтемақылар мен төлемдерді қамтиды:

1) 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

2) тұратын үй-жайды жалға алу бойынша шығыстарды өтеу, бірақ айна 10 000 (он мың) теңгеден аспауы керек;

3) осы Тәртіптің 14 тармағында көрсетілген тұтыну нормаларының шегінде тарифтік бағаның 50 пайызы мөлшерінде коммуналдық қызметіне арналған шығыстарды өтеу;

4) жұмыс істейтін қызмет орны бойынша ауылдық жерде тұрғын үй сатып алуға тұрғын үй заемын алу үшін 500 000 (бес жұз мың) теңге мөлшеріндегі әлеуметтік көмек.

3. Әлеуметтік қолдау шараларын қабылдау тәртібі

5. Уәкілетті орган денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету мақсатында:

1) ауылдық жерлер үшін жекелеген мамандықтар бойынша медицина және фармацевтика кадрларына деген сұранысқа жыл сайын талдау жасайды;

2) медицина және фармацевтика қызметкерінің өтініштерін, олардың біліктілігін, тұрғын үйге деген мүқтаждығын растайтын құжаттарын қабылдайды ;

3) әлеуметтік қолдауға мұқтаж қызметкерлердің тізімін жасайды;

4) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

6. Уәкілетті органның жолдамасымен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын жасайды.

7. Уәкілетті орган өндірістік қажеттілікке байланысты қызметкерді ауылдық жердегі бір медицина үйімінан басқа ауылдық жердегі медициналық үйімінде ауыстыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, қызметкердің әлеуметтік көмек алу құқығы сақталады.

8. Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда уәкілетті орган жұмыс берушіні қаржыландыруды, ал жұмыс беруші - тұрғын үй заемын алу үшін қаржы аударуды тоқтатуға құқығы бар. Бұл ретте жұмыс беруші қаржы үйімінде жазбаша арыз беру жолымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен белгіленген тәртіппен қаржы үйімінде қызметкердің есеп шотына бұрын аударылған бюджет қаржысын облыстық бюджеттің кірісіне қайтару бойынша шаралар қолданады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.06.29 N 41/410-IV (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

9. Қызметкердің тараپынан міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс беруші, қызметкер және қаржы үйімі арасында шарт жасалады, онда қызметкердің қаржы үйімінде өсеп шотына бұрын аударылған бюджет қаржысын облыс бюджетінің кірісіне қайтару механизмі қарастырылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.06.29 N 41/410-IV (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

10. Жұмыс беруші қызметкердің әлеуметтік көмек алу құқығынан айырылған уақыттан бастап 10 күннен кешіктірмей (жұмыстан шығу, жұмыстан шеттетілу, бала күтімі бойынша демалыста болу, екі айдан аса ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз болу және т.б.) уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

11. Егер қызметкер үй-жайды қажет етпеген жағдайда, тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша шығындардың өтемі төленбейді.

4. Әлеуметтік қолдау шеңберінде қаржыландыру және төлеу тәртібі

12. Уәкілетті орган әлеуметтік қолдау көрсету бойынша жұмыс берушіні қаржыландыруды іске асырады.

13. Қызметкермен еңбек шарты жасалғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерге екінші деңгейдегі банкте ашылған дербес немесе карт-шотына аудару жолымен 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек төлейді.

14. Коммуналдық қызмет ақысы бойынша шығындарды өтеуге арналған қаржыны ай сайын жұмыс беруші қызметкердің дербес немесе карт-шотына аударады, бұл ретте мынадай өтемдердің мөлшері белгіленеді:

- 1) айна 200 киловатт электр энергиясының тарифтік бағасының 50 пайызы;
- 2) айна 10 қуб судың тарифтік бағасының 50 пайызы;
- 3) айна табиғи газдың 18 кубының тарифтік бағасының 50 пайызы немесе айна көлемі 25 килограмдық газ баллоны бағасының 50 пайызы;
- 4) жылына 3,5 тонна көмір бағасының 50 пайызы.

15. Жұмыс беруші коммуналдық қызметтер шығындарын өтеуді ақшалай түрде төлеуді іске асырады және қызметкер жұмысқа қабылданған күннен бастап ауылды жерде жұмыс істеген алғашқы үш жыл ішінде жұмыс берушімен еңбек шарты жасалған жағдайда екінші деңгейдегі банктегі қызметкердің дербес шотына немесе карт-шотына ай сайын ақшалай қаражатты аудару жолымен жүргізеді.

16. Тұрғын үй сатып алуға тұрғын үй заемын алу үшін әлеуметтік қолдау көрсету жұмыс беруші, қызметкер және қаржы ұйымы арасында жасалған шартқа сәйкес, қызметкердің қаржы ұйымында ашылған есеп шотына жұмыс берушінің кезең-кезеңмен ақша аударуы арқылы іске асырылады, оның ішінде: бірінші жылы аяқталғаннан кейін - 100 000 (жұз мың) теңге; екінші жылы аяқталғаннан кейін - 150 000 (жұз елу мың) теңге; үшінші жыл аяқталғаннан кейін - 250 000 (екі жұз елу мың) теңге.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.06.29 N 41/410-IV (алғаш рет реңми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

17. Осы Тәртіптің орындалуын бақылауды уәкілетті орган іске асырады.